

"Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы №161-26/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 31 шідедегі №175-23/3 шешімі

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы №161-26/8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6345 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі.

4-тармақта:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;"

оныншы абзац алып тасталсын;

он бірінші абзац алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы

И. Құттықожаев